

**"Бірыңғай кедендік-тарифтік реттеу туралы келісімді ратификациялау туралы"  
Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 11 маусымдағы N 566 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Бірыңғай кедендік-тарифтік реттеу туралы келісімді ратификациялау туралы"  
Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті  
Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

*Премьер-Министрі*

*Қазақстан Республикасының  
К. Мәсімов*

Жоба

**Бірыңғай кедендік-тарифтік реттеу туралы келісімді  
ратификациялау туралы**  
**Қазақстан Республикасының Заңы**

Мәскеу қаласында 2008 жылғы 25 қаңтарда қол қойылған Бірыңғай  
кедендік-тарифтік реттеу туралы келісім ратификациялансын.

*Президенті*

*Қазақстан Республикасының*

**Бірыңғай кедендік-тарифтік реттеу  
туралы келісім**

Бұдан әрі Тараптар аталатын Беларусь Республикасының Үкіметі, Қазақстан  
Республикасының Үкіметі және Ресей Федерациясының Үкіметі,  
экономикалық ықпалдасуды тереңдетуге жәрдемдесу және адал бәсекелестікті  
жүзеге асыру мақсатында,  
халықаралық сауданың жалпы қабылданған нормалары мен ережелерін  
басшылыққа ала отырып,  
төмендегілер туралы келісті:

**1-бап**

1. Тараптар мемлекеттерінің бірыңғай кедендік аумағында Тараптар Бірыңғай кедендік тарифті қолданады.
2. Бірыңғай кедендік тариф кеден одағының сауда саясатының құралы болып табылады.
3. Бірыңғай кедендік тарифтің негізгі мақсаттары:
  - 1) Тараптар мемлекеттерінің бірыңғай кедендік аумағының тауарларды әкелудің тауарлық құрылымын ұтымды ету;

2) Тараптар мемлекеттерінің бірыңғай кедендік аумағына тауарларды әкету мен әкелудің ұтымды ара-қатынасын ұстап тұру;

3) кеден одағында тауарларды өндіру және тұтыну құрылымындағы прогрессивті өзгерістер үшін жағдайлар жасау;

4) кеден одағының экономикасын шетелдік бәсекелестіктің қолайсыз әсерінен қорғау;

5) кедендік одақты әлемдік экономикаға тиімді біріктіру үшін жағдайды қамтамасыз ету болып табылады.

## **2-бап**

Осы Келісімде пайдаланылатын ұғымдар мыналарды білдіреді:

"Бірыңғай кедендік тарифтің базалық тізбесі" - оларға қатысты Тараптар Бірыңғай кедендік тарифте олардың мөлшерлері туралы келісімге қол жеткізген кедендік әкелу баждары ставкаларының жиынтығы;

"кедендік әкелу бажы" - тауарларды Тараптар мемлекеттерінің бірыңғай кедендік аумағына әкелу кезінде кеден органдары алатын міндетті төлем;

"кедендік әкелу бажының квотадан тыс ставкасы" - белгіленген тарифтік квотадан тыс әкелінетін тауарларға белгіленетін кедендік әкелу бажының ставкасы;

"кедендік әкелу бажының квотаішілік ставкасы" - белгіленген тарифтік квота шегінде әкелінетін тауарларға белгіленетін кедендік әкелу бажының ставкасы;

"Бірыңғай кедендік тариф" - үшінші елдерден бірыңғай кедендік аумаққа әкелінетін , Сыртқы экономикалық қызметтің бірыңғай тауар номенклатурасына сәйкес жүйеленген, тауарларға қолданылатын кедендік баждар ставкаларының жиынтығы;

"СЭҚ бірыңғай ТН-і" - Дүниежүзілік кеден ұйымының Тауарларды сипаттаудың және кодтаудың үйлестірілген жүйесіне негізделген Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасы ;

"кедендік әкелу бажының ставкасы" - кедендік әкелу бажының мөлшері (шамасы);

"кедендік тариф" - Бірыңғай кедендік тариф белгіленгенге дейін Тараптар мемлекеттерінде қолданылатын кедендік әкелу баждары ставкаларының жиынтығы;

"тарифтік квота" - тауардың белгілі бір санын әкелу кезінде кедендік әкелу бажының неғұрлым төмен ставкасы (табиғи немесе құнды түрде) және осы саннан тыс кедендік әкелу бажының неғұрлым жоғары ставкасының белгілі бір кезеңі ішінде қолданылуын көздейтін тауарлардың жекелеген түрлерін Тараптар мемлекеттерінің бірыңғай кедендік аумағына әкелуді реттеу шарасы.

## **3-бап**

1. Бірыңғай кедендік тарифте кедендік әкелу баждары ставкаларының мынадай:

1) адволатарлық, салық салынатын тауарлардың кедендік құнына пайызбен есептелетін;

2) ерекше, салық салынатын тауар бірлігі үшін есептелетін;

3) құрамдас, осы тармақтың 1 және 2-тармақшаларында көрсетілген екі түрін де ұштастыратын түрлері қолданылады.

2. Бірыңғай кедендік тарифтің кедендік әкелу баждарының ставкалары бірыңғай болып табылады және осы Келісімде көзделген жағдайларды қоспағанда, тауарларды кедендік шекара арқылы тасымалдайтын тұлғаларға, мәмілелердің түрлеріне және өзге де жағдайларға қарай өзгертілмеуі тиіс.

3. Тараптар мемлекеттерінің бірыңғай кедендік аумағына тауарларды әкелуді шұғыл реттеу үшін, қажет болған кезде, қолданылу мерзімі жылына 6 айдан аспайтын және кедендік әкелу баждарының орнына қолданылатын маусымдық кедендік баждар белгіленуі мүмкін.

#### **4-бап**

1. Бірыңғай кедендік тарифті қалыптастыруды Тараптар мына факторларды:

1) 2000 жылғы 17 ақпандағы Кеден одағына қатысушы мемлекеттердің бірыңғай кедендік тарифі туралы келісімді іске асыру барысында Тараптар қол жеткізген кедендік тарифтерді бірегейлендіру деңгейі;

2) Тараптар мемлекеттерінің кедендік аумағына нақты тауардың импорты;

3) өнеркәсіптің нақты саласы үшін кедендік әкелу баждары ставкаларының сезімталдығы;

4) Тараптардың халықаралық міндеттемелерін ескере отырып жүзеге асырады.

2. Тараптар Бірыңғай кедендік тарифті, тарифтік квоталарды қолданудың шарттары мен тетіктерін қалыптастыру кезеңінде кедендік әкелу баждарының ставкаларын өзгерту туралы келісілген шешімдер туралы Тараптар міндеттемелерінің мерзімдерін, кезеңдерін қоса алғанда, Бірыңғай кедендік тарифті қалыптастырудың қағидаттары мен тәртібін келіседі.

3. Тараптар, әдетте Бірыңғай кедендік тарифтің базалық тізбесінде көзделген кедендік әкелу баждарының ставкаларын бір жақты тәртіппен өзгерте алмайды.

4. Тараптар тоқсанына кемінде бір рет Бірыңғай кедендік тарифті қалыптастыру мақсатында кедендік әкелу баждарының ставкаларын келісу бойынша келіссөздер жүргізеді.

Келіссөздер қорытындылары хаттамалармен ресімделеді, олар 2007 жылғы 6 қарашадағы Кеден одағының комиссиясы (бұдан әрі - Комиссия) туралы шартқа сәйкес құрылған Кеден одағы комиссиясына жіберіледі.

5. Барлық Тараптар келіскен жағдайда осы баптың 4-тармағында көрсетілген хаттамалар негізінде Комиссия Бірыңғай кедендік тарифтің Базалық тізбесін қалыптастырады не Бірыңғай кедендік тарифтің Базалық тізбесінде бар кедендік әкелу баждарының ставкаларын өзгертеді.

6. Егер Тараптардың кедендік әкелу баждарының ставкалары тауарлардың барлық номенклатурасы бойынша сәйкес келсе, Бірыңғай кедендік тариф қалыптасқан болып

саналады. Тараптар Тараптардың бірінің кедендік әкелу баждарының неғұрлым жоғары немесе неғұрлым төмен ставкаларды қолдану шарттары мен тәртібін келіседі.

### **5-бап**

1. Тауарларды Тараптар мемлекеттерінің бірыңғай кедендік аумағына әкелу кезінде кедендік әкелу бажын төлеуден босату немесе кедендік әкелу бажының ставкасын төмендету түрінде тарифтік жеңілдіктер қолданылуы мүмкін.

2. Тарифтік жеңілдіктер жеке сипатта болмайды.

3. Мыналарға:

1) кедендік заңнамада белгіленген тиісті кедендік режимдер шеңберінде кедендік бақылаумен әкелінетін;

2) осы капиталды қалыптастыру үшін құрылтай құжаттарында белгіленген мерзімдер шегінде шетел құрылтайшысының жарғылық (қалыптаспа) капиталдағы салымы ретінде әкелінетін;

3) Тараптар мемлекеттерінің ғарыш кеңістігін зерттеу және пайдалану саласындағы халықаралық ынтымақтастығы, сондай-ақ Комиссия бекітетін тізбе бойынша ғарыш аппараттарын ұшыру жөніндегі қызметтер туралы келісімдер шеңберінде әкелінетін тауарларға қатысты тарифтік жеңілдіктер ұсынуға рұқсат етіледі.

### **6-бап**

1. Үшінші елдерден Тараптар мемлекеттерінің бірыңғай кедендік аумағына әкелу кезінде:

1) жүктерді, қол жүктері мен жолаушыларды, сондай-ақ материалдық-техникалық жабдықтау заттары мен жарақтарды, отын, азық-түлік және оларды жол жүру уақытында, аралық аялдамаларда қалыпты пайдалану үшін қажетті немесе осы көлік құралдарының авариясын (сынуын) жоюға байланысты шетелде сатылып алынған басқа да мүліктің халықаралық тасымалын жүзеге асыратын көлік құралдары;

2) Тараптар мемлекеттерінің кемелері, сондай-ақ Тараптар мемлекеттерінің заңды және жеке тұлғалары жалға алған (жалданған) кемелері теңіз кәсіпшілігінің өнімі;

3) үшінші елдер өкілдерінің, Тараптар мемлекеттерінің халықаралық шарттары немесе олардың заңнамалары негізінде мұндай заттарды баж салығынсыз әкелуге құқығы бар жеке тұлғалардың ресми немесе жеке пайдалануы үшін әкелінетін тауарлар ;

4) Тараптар мемлекеттерінің валютасы, үшінші елдердің валютасы (нумизматтық мақсаттар үшін пайдаланылатыннан басқа), сондай-ақ Тараптар мемлекеттерінің заңнамасына сәйкес бағалы қағаздар;

5) гуманитарлық көмек ретінде және (немесе) авариялар мен апаттардың, дүлей зілзалалардың салдарын жою мақсатында әкелінетін тауарлар;

6) өтеусіз көмек (жәрдемдесу) ретінде, сондай-ақ үшінші елдер, халықаралық ұйымдар, үкіметтер желісі бойынша қайырымдылық, оның ішінде техникалық көмек (

жәрдем) көрсету мақсатында әкелінетін, акцизделетіндерден басқа (медициналық мақсаттарға арнайы арналған жеңіл автокөліктерді қоспағанда), тауарлар;

7) кедендік реттеу саласындағы құқықтық актілермен белгіленетін және кедендік әкелу баждарын салудан босатуды көздейтін кедендік режимдер шеңберінде әкелінетін тауарлар;

8) кедендік реттеу саласындағы құқықтық актілерге сәйкес өндірістік немесе өзге де кәсіпкерлік қызметке арналмаған, әкелуге тыйым салынбағандарды қоспағанда, жеке тұлғалар әкелетін тауарлар;

9) олардың заңнамасында көзделген жағдайда Тараптар мемлекеттерінің меншігіне айналуы тиіс тауарлар кедендік әкелу бажын төлеуден босатылады.

2. Тараптар өзге жағдайларда тарифтік жеңілдіктерді беру туралы, оларды бірізге салу не бір жақты тәртіппен қолдану туралы қосымша уағдаласады.

3. Кедендік баж төлеуден босатуды қолдану тәртібін Комиссия белгілейді.

#### **7-бап**

1. Кеден одағының бірыңғай тарифтік преференциялар жүйесі дамушы және анағұрлым аз дамыған елдердің экономикалық дамуына жәрдемдесу мақсатында қолданылады.

2. Кеден одағының бірыңғай тарифтік преференциялар жүйесін пайдаланушы елдердің тізбесі мен оларға қатысты Тараптар мемлекеттерінің бірыңғай кедендік аумағына әкелу кезінде тарифтік преференциялар берілетін дамушы елдерден және анағұрлым аз дамыған елдерден шығатын тауарлар тізбесін Комиссия айқындайды.

3. Тараптар мемлекеттерінің бірыңғай кедендік аумаққа әкелінетін және кеден одағының бірыңғай тарифтік жүйелерді пайдаланатын дамушы елдерден шығарылған және осы баптың 2-тармағында көрсетілген тауарлар тізбесіне енгізілген тауарларға қатысты Бірыңғай кедендік тарифтің кедендік әкелу баждары ставкаларының 75 пайызы мөлшерінде кедендік әкелу бажының ставкасы қолданылады.

4. Бірыңғай кедендік преференциялар жүйесін пайдаланатын анағұрлым аз дамыған елдерден шығарылатын және бірыңғай кедендік аумаққа әкелінетін, осы баптың 2-тармағында көрсетілген Тауарлар тізбесіне енгізілген тауарларға қатысты кедендік әкелу баждарының нөлдік ставкалары қолданылады.

#### **8-бап**

1. Тараптар мемлекеттерінің оған Бірыңғай кедендік тарифті жүргізу жөніндегі өкілеттіктерді берген күннен бастап Комиссия:

1) Бірыңғай СЭҚ ТН жүргізуді жүзеге асырады;

2) кедендік әкелу баждарының ставкаларын (маусымдықты қоса алғанда) белгілейді

;

3) кедендік квоталар енгізеді және оларды бөлу тәртібін белгілейді;

4) мыналарды:

а) кеден одағының бірыңғай преференциялар жүйесін пайдаланатын дамушы елдердің тізбесін;

б) кеден одағының бірыңғай преференциялар жүйесін пайдаланатын анағұрлым аз дамыған елдердің тізбесін;

в) оларға қатысты кеден одағының бірыңғай кедендік аумағына әкелу кезінде бірыңғай тарифтік преференциялар берілетін дамушы елдерден және анағұрлым аз дамыған елдерден шығарылатын тауарлар тізбесін қоса алғанда, бірыңғай тарифтік преференциялар жүйесін айқындайды;

5) осы Келісімнің 5-бабында көзделген тарифтік жеңілдіктерді қолдану тәртібін белгілейді.

2. Комиссия үштен екі көпшілік дауыспен кедендік-тарифтік реттеу жөнінде шешім қабылдайды. Комиссия шешімдері 2007 жылғы 6 қазандағы Кеден одағының комиссиясы туралы шарттың 8-бабында белгіленген тәртіп бойынша күшіне енеді және Комиссия немесе кеден одағының жоғары органы өзге шешім қабылдағанға дейін қолданыста болады.

3. Тізбесін кеден одағының жоғары органы бекітетін сезімтал тауарлар бойынша Комиссия ымыралы шешім қабылдайды.

#### **9-бап**

Осы Келісімді қолдануға немесе түсіндіруге байланысты даулар мүдделі Тараптардың консультациялары мен келіссөздері жолымен шешіледі, ал келісімге қол жеткізілмеген жағдайда Еуразия экономикалық қоғамдастығының Сотына қарауға беріледі.

#### **10-бап**

Тараптардың уағдаластығы бойынша осы Келісімге жекелеген хаттамалармен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

#### **11-бап**

Осы Келісімнің күшіне ену, оған қосылу және одан шығу тәртібі 2007 жылғы 6 қазандағы кеден одағының шарттық-құқықтық базасын қалыптастыруға бағытталған халықаралық шарттардың күшіне енуі, олардан шығу және оларға қосылу тәртібі туралы *Хаттама мен айқындалады.*

Мәскеу қаласында 2008 жылғы 25 қаңтарда орыс тіліндегі жалғыз түпнұсқа данада ж а с а л д ы .

Осы келісімнің түпнұсқа данасы осы Келісімнің депозитарийі болып табылатын, оның куәландырылған көшірмесін әрбір Тарапқа жіберетін Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Интеграциялық комитетінде сақталады.

*Беларусь*  
*Республикасының*  
*Үкіметі*

*үшін*

*үшін*

*Қазақстан*  
*Республикасының*  
*Үкіметі*

*үшін*

*Ресей*  
*Федерациясының*  
*Үкіметі*

*үшін*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК